

Халықаралық Ғарыш құқығы

Орындаған: Айша Айдосова

ҰҒЫМЫ

Халықаралық ғарыш құқығы – бұл халықаралық құқық субъектілерінің ғарыш кеіңістігі, аспан денелерін қоса алғанда, зерттеу және пайдалану қызметтеріне байланысты олардың арасындағы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар мен қағидалар жиынтығын көрсететін, халықаралық құқықтың бір саласы.

Қағидалары

- Ғарыш кеңістігін пайдалану, пайдалану еркіндігінің қағидасы;
 - Ғарыш кеңістігіне мемлекеттердің тәуелсіздіктерінің таралмау қағидасы;
 - Ғарыш кеңістігін иемденуге тыйым салу қағидасы;
-

Тарихы

- Халықаралық ғарыш құқығы салыстырмалы түрде осы заман құқығының жаңа саласы. Оның тарихы жердің алғашқы жасанды серігін **1957** ж. жіберуден басталды.
 - **1961** және **1963** жылдарының желтоқсан айларында мемлекеттердің ғарыш кеңістігін пайдалану және зерттеу жөніндегі қызметтерінің құқықтық қағидаларыны мен нормаларын айқындайтын БҰҰ Бас Ассамблеясында қарары қабылданды.
 - БҰҰ аясында **1959** ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының қосалқы органы — ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарға пайдалану жөніндегі Комитеті құрылды.
-

Қайнар көздері

- Халықаралық ғарыш құқығының қайнар көздері жүйесін БҰҰ қол астында жасалған мемлекеттердің ғарыштығы бірлескен қызметін реттейтін ғылыми-техникалық сипаттағы көпеген халықаралық шарттары;
 - Мемлекеттердің жердегі және әуе кеңістігіндегі ғарышты зерттеу және пайдалануға байланысты қызметін айқындайтын шарттар;
 - Қайнар көздердің 3 тобы бар.
-

Қайнар көздердің I тобы

- Ғарыш кеңістігін, Айды және басқа да аспан денелерін зерттеу және пайдаланудағы мемлекеттер қызметінің қағидалары туралы 1967 ж. шарт;
 - Ғарыш кеңістігіне жіберілген ғарышкерлерді құтқару, ғарышкерлерді және объектілерді қайтару туралы 1968 ж. келісім;
 - Ғарыш объектілері келтірген залалдар үшін халықаралық жауапкершілік туралы 1972 ж. Конвенция;
 - Ғарыш кеңістігіне жіберілген объектілерді тіркеу туралы 1976. конвенция;
 - Мемлекеттердің айдағы және басқа аспан денелеріндегі қызмет туралы 1984 ж. Келісім;
-

Қайнар көздердің ІІ тобы

- Ғылыми-техника бағыт сипатында, Еуропа ғарыш агенттігі қабылдаған шарт;
 - Интерспутник және басқа да көптеген үкіметаралық ұйымдар қабылдаған шарттар;
-

Қайнар көздердің ІІІ тобы

- Үшінші топтардағы шарттарға ғарышкерлерді және ғарыш объектілерін құтқару және қайтаруға байланысты жүргізілетін операциялардың құқықтық мәселелерін реттейді;
 - Ғарыш объектілерінің немесе олардың құрамдас бөліктерінің жерге құлауы кезіндегі келтірілген залалдарды өтеуді қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді қарастырады;
-

Субъектілер

- Субъектілері – халықаралық жария құқықтың субъектілері, яғни ол негізінен бұл мемлекеттер және халықаралық үкіметаралық ұйымдар, олардың қатарында, әрине, өздері тікелей ғарыш қызметін жүзеге асырмайтындар да бар.
-

Халықаралық ұйымдар

- 1975 жылы Еуропалық зерттеу ұйымы мен Еуропаның ракета тасымалдаушы жасау ұйымының бірігуі нәтижесінде Еуропаның Ғарыш Агенттігі болып қайта

жасақталды.

Құрылтайшы актісіне сай Еуропалық Ғарыш агенттігінің міндеті - Еуропалық мемлекеттердің ғарыш ғылымын және техникасын бейбітшілік мақсатта қолдану мен өңдеу ынтымақтастығын дамыту мен және келтіру. Еуропалық Ғарыш Агенттігінің штаб – пәтері Парижде орналасқан.

- 1964 жылы Жердің жасанды серігі арқылы таратылатын Халықаралық байланыс ұйымы уақытша әрекет ететін жасанды серіктер жүйесін құру туралы келісім негізінде пайда болды (ИНТЕЛСАТ).

1971 жылы ИНТЕЛСАТ жайындағы тұрақты мемлекеттер келісімге қол қойды. Жиырмадан астам мемлекет ИНТЕЛСАТ мүшесі айналды. ИНТЕЛСАТ мақсаты - коммерция негізінде ғаламдық байланыс жүйесін құру және пайдалану. ИНТЕЛСАТ-тың штаб – пәтері Вашингтонда орналасқан.

- 1971 жылы Интерспутник халықаралық ғарыш байланысының ұйымы құрылды. Бұл ұйымның мақсаты – жердің жасанды серігі арқылы мемлекеттік мүшелерге байланысты құру мен пайдалануын реттеу. Интерспутник штаб – пәтері Мәскеуде орналасқан.

1976 жылы халықаралық теңіз байланысының ұйымы құрылды. (ИНМАРСАТ) 60 астам мемлекет мүшесі болып кіреді. Бұл ұйымның мақсаты - ғарыш сегіментін қамтамасыз ету арқылы теңіз бойын жақсарту, яғни қауіптілік жағдайда хабарландыру, теңіздегі адам өмірінің қорғалуын қамтамасыз ету, кеме және оларды басқару жұмысының нәтижелі өсуі, теңіздің хат – хабар қызыметінің, радио анықтау қызыметінің жеңілдету мүмкіншілігі. ИНМАРСАТ штаб – пәтері Лондонда орналасқан.

- Басқа да бірқатар халықтары үкіметтік ғарыш ұйымдары бар, соның ішінде серік байланысы бар араб ұйымы (АРАБСА), метеорологиялық серіктікті пайдаланатын Еуропалық ұйым (ЕВМЕТСАТ) және т. б. Ғарыш қызметінің белгілі бір бағыты Біріккен Ұлттар Ұйымы арнайы ұйымдар жүйесінің шеңберіне кіреді.
 - Жан-жақты электр байланыс одағы;
 - Біріккен Ұлттар Ұйымының азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (ФАО);
 - Бүкіләлемдік метеорологиялық ұйым;
 - Білім, ғылым және мәдениет туралы Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО);
 - Үкімет аралық теңіз ұйымы.
-

Мемлекеттердің ғарыштағы қызметінің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- Жасанды серіктер көмегімен тікелей теледтдар хабарларын тарату
 - Жасанды серіктер пайдалана отырып, жерді қашықтықтан барлап қарау
 - Ғарыштық құралдарды қолдану туралы халықаралық келісім-шарттар
 - Медециналық және биологиялық бақылаулар мен тәжірбиелер жүргізу
 - Ғарыш кеңістігін геостанционарлық орбита ретінде пайдалану
 - Басқа планеталардың ресурсын зерттеу мүмкіндігі және оларды пайдалану
 - Жердің биоөрісін қорғау
 - Ғарышта энергияның ядролық қайнар көздерін пайдалану
 - Ғарыш метерологиясын мемлекеттер мұқтаына пайдалану
-

Объектілері

- Халықаралық ғарыш құқығының объектісі болып ғарыш кеңістігі (теңіз деңгейінен 100 км-ге жуық биіктіктен басталатын жерүсті кеңістігі), күн жүйесінің ғаламшарлары, Ай, жасанды ғарыш объектілері және олардың құрамдас бөліктері, ғарыш экипаждары, ғарыш кеңістігі мен аспан денелерін зерттеу және пайдалану бойынша қызмет, ғарыш қызметінің нәтижелері жатады.
-

- Ғарыш кеңістігі – бұл жер шырының ауа қабаты шегінен тыс орналасқан кеңістік, оның құқықтық режимі халықаралық ғарыш құқығымен айқындалады.
-

- Ғарышкер – бұл ғарышқа ұшу кезінде ғарыштық техниканы сынауды және пайдалануды жүргізетін адам.
 - Экипаждың әрбір мүшесінің стансаны басқару, оның аппараттары мен құрал-жабдықтарының жұмыс істеуі, стансадан тыс жүргізілетін операцияларға қатысты құқықтыр мен міндеттерге келсек, онда олардың көлемі мен ерекшелігі стансаның мәні мен қызмет етуінің ерекшеліктеріне байланысты болады. Кеме экипажында 2-7 адамға дейін болады: командир, ұшқыш, орбитадағы операциялар және пайдалы жүк жөніндегі мамандар.
 - Ғарышкерлер Халықаралық ғарыш құқығының субъектілері болып табылмайды.
 - Ғарышкердің қылмыс жасауы немесе қонған мемлекеттеріне елеулі зиян келтіруі олардың жедел қайтарылуына кедергі бола алатын бірден бір себеп бола алады.
-

ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР

- Ғарышкер, астронавт (Батыс елдеріндегі баламасы: астро... және *nautēs* – теңізде жүзуші.), космонавт (ТМД елдерінде - Космонавт: грек. *kosmos* – ғарыш және *nautēs* – теңіз жүзушісі) – ғарышқа ұшу кезінде ғарыштық техниканы сынақтан өткізетін әрі оны пайдаланатын адам; адамның ғарышқа ұшуынан кейін (1961) пайда болған мамандық. Алғашқы ғарышкерлер әскери ұшқыштар мен ұшқыш-сынақшылар қатарынан таңдалып алынды. Өйткені ғарышқа ұшуға қажетті қасиеттер (ұшу шеберлігінің жоғары деңгейде болуы, апатқа ұшырау жағдайында жылдам шешім қабылдауы, шу, діріл, үдеу, т.б. әр түрлі факторларға төзімді болуы, бақылау жұмыстарын жүргізіп, оны қорытындылай білуі, т.б.) осындай мамандыққа лайықты еді. Кейінірек КСРО-да да, АҚШ-та да ғарыштық кеме экипажына қажетті арнайы білімі бар инженерлер мен ғалымдарды қоса бастады. Ғарышкерлерді дайындау ісі бұрынғы КСРО-да 1960 ж., ал АҚШ-та 1959 ж. және 1962 ж. жүргізіле басталды. Тұңғыш ғарышкер Юрий Гагариннен (1961) бастап ғарышқа үш жүзден астам адам ұшты. Олардың ішінде қазақ ғарышкерлері Токтар Әубәкіров (1991), Талғат Мұсабаев (1994, 1998, 2001) бар.

ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР

- Ғарышқа ұшқан ең алғашқы тіршілік иесі - Лайка атты ит еді. Ит 1957 жылдың 3 қарашасында Мәскеу уақытымен таңғы алты жарымда Кеңес Одағының "Спутник-2" атты кемесімен ғарышқа аттандырылды. Лайканың жасы - 2-де, салмағы - 6 келі болған. Сол кездегі басылымдар оның орбитада бір апта болып, қалыпты түрде тамағын ішіп, ұйықтап, үргенін жазған болатын. Ал шын мәнінде Лайка ұшырылған соң, 5-6 сағаттан соң өліп қалған. Кабинадағы температура біртіндеп көтеріліп, ақырында Лайканың денесі қызып, өртеніп кетті.

Мұнан кейін, 1960 жылдың 20 тамызында Белка және Стрелка атты иттер ұшты. Бұл екеуі ғарыштан жер бетіне аман-есен оралған ең алғашқы тіршілік иелері болып есептеледі. Олар жер бетіне оралған соң, аттары аңызға айналып, сапардан ешқандай жамандық көрмей, баяғыша өмір сүре берді. Тіпті бірнеше айдан кейін Стрелка дүниеге алты дені сау күшіктерді алып келді.

Байқоңыр ғарыш айлағы

- Байқоңыр ғарыш айлағының негізі 1955 ж. қаланған. Ол 6714 км² ауданды алып жатыр, солтүстіктен оңтүстікке қарай 75 км, батыстан шығысқа қарай 90 км-ге созылады. Әкімшілік орталығы – Байқоңыр қаласы. Байқоңыр ғарыш айлағы зымыран-ғарыш техникаларын сынауға, ғарыш аппараттарын, ұшатын ғарыш кемелерін және орбита стансаларды, автоматты планетааралық стансаларды орбитаға 200 мың км-дей биіктікке ұшыруға дайындау және ұшыруды жүзеге асыруға арналған.
 - Қазақстан тәуелсіздікке ие болғаннан кейін, халықаралық ғарыш құқығының тең құқылы субъектісіне айналды. 1994 жылы 28 наурызда Ресей Федерациясының Президенті мен Қазақстан Республикасының Президенті “Байқоңыр ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидалары мен шарттары туралы Келісімге” қол қойды. Осы келісім бойынша Байқоңырды Қазақстанның меншігіндегі объект ретінде және Ресейге 20 жылға берудің мәртебесін айқындап берді.
-

Қорытынды сұрақтар

- 1.** Алғашқы жасанды серігті қашан жіберді?
- 2.** БҰҰ аясында БҰҰ Бас Ассамблеясының қосалқы органы – ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарға пайдалану жөніндегі Комитеті қашан құрылды?
- 3.** Қайнар көздердің неше тобы бар?
- 4.** Европалық Ғарыш Агенттігінің штаб – пәтері қайда орналасқан?
- 5.** ИНТЕЛСАТ-тың штаб – пәтері қайда орналасқан?
- 6.** Кеме экипажында неше адам болады?
- 7.** Халықаралық ұйымдар ХҒК субъектісі бола алады ма?
- 8.** Юрий Гагариннен кейін неше адам ұшқан?
- 9.** Ғарышкерлер Халықаралық ғарыш құқығының субъектілері болып табылады ма?
- 10.** Байқоңыр ғарыш айлағының негізі қашан қаланды?